

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.ІІ. - С. 274-276

КЕСКІНДЕМЕ ПӘНІНДЕ БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мынбаева Т.

Кескіндеме өнері жалпы білім беретін оқу орындарында білімгерге тек эстетикалық тәрбие беріп қана қоймай, сонымен қатар, дүниетанымын, кеңістік қиялын, ой-өрісін, белсенділігін тағы басқа көптеген жақсы қабілеттерін дамытуды көздейді. Сондықтан да көкемөнер туындыларын оқытудағы зертеушілер өз еңбектерінде, баспаларда бейнелеу өнерінің болашақ дизайнер, сәулетшілерді жан-жақты дамытуда, тәрбиелеуде, білім беруде үлкен рөлі бар екендігін ғылыми дәлелдеп жазып, жалпы білім беретін жоғарғы оқу орындарында жеке шығармашылық пән ретінде енуіне себепші болды. Міне сондықтан да, өткен заманғы және қазіргі ұлы шеберлердің майлы бояу техникасында орындалған туындыларының техникалық мүмкіндіктерін үйрену мол.

Жалпы адам баласында рухани және материалды байлық деген бар. Соның ішінде адамды адам етіп, ұлтты ұлт ететін-рухани байлық. Рухани байлықтың қайнар көзі-өнерде. Соның ішінде тоқталып өтетініміз бұл-бейнелеу өнері. Бейнелеу өнерінің адамға сыйлар рухани байлығы ұлан – ғайыр. Кескіндеме өнері – дүниені көркем бейнелі қабылдау, оны тану және дербес-эмоционалды жаңғырту құралы болып келеді. Көріністе бейнеленген дүниенің орталығы – адам, оның жаны және көңіл күйі, шынайы өмірге деген қарым-қатынас жүйесі. Кескіндеме өнерімен араласу - адаммен араласу. Шынайы өмірді көркем түрде, типтік бейнеде көрсету арқылы кескіндеме өнері, көрерменге әлем жайлы түсінік береді және содан саналы қарым-қатынасты қалыптастырады. Дүние және онымен қарым-қатынас жайлы білім жалпыадамдық, таптық, этникалық, ұлттық және персонаждық, психологиялық қырларымен нақты дербес, қайталанбас бейнелерде беріледі. Сонымен бірге субъектіні қоршаған ортаның көптеген қырлары көрсетіледі. Бұдан кескіндеме өнерінің танып-білу мен даму құралы ретінде рөлі көрінеді. Міне осындай ерекшеліктерін болашақ сәулетші, дизайнерлерге таныстыру қажет

Қазіргі заман сөздіктерінде «өнер» ұғымы үш түрлі мағынада қолданылатындылығы көрсетілген. Біріншіден, белгілі бір хабарлықты қажет ететін кез келген іс (қол өнер, әскери өнер, би өнері және т.б.); екіншіден, белгілі бір істе шеберлік пен ептілік таныту; үшіншіден, көркемдік қарекеттерінің өрістері және оның өнімдері – көркем шығарма. «Кескіндеме, сурет, мүсін және сәулет-өнердің биік шыңы, барлық ғылымның түп тамыры және кескіндеме түрлерінің жанрлары руханилықтың қайнар көзі» (Микеланджело). Кескіндеменің барлық техникасында жұмыс істеу үшін

арнайы байланыстырушы заттар қажет. Олар пигменттің бөлшектерін ұстайды және кенеп бетіндегі бөлшектердің беріктігін қамтамасыз етеді. Техниканың түрлеріне сай байланыстырушы элементтер әр типке бөлінеді: акварельдік техникада, жұмыртқаның сарысы – темперада, кебетін май – майлы кескіндемеде, бал арасының балауызы – анкустикада, акрил эмульсия – акрил техникасында. Бояуды дайындау тәсілі орындалуына сай түрленіп отырады.

Кескіндемеге арналған жабдықтар. Бояуды негізге жағу үшін көптеген құрал-саймандар бар: сорғыш (губка), шпательдер, скребка, пышақ, мастихин, білікше (валик), аэрограф, бояу бүріккіш атқыштар. Алайда, барлық құралдарға қарағанда қылқалам маңызды жабдық болып табылады. Дүние жүзі халықтарының өнері мен мәдениетінде қазақ халқының алар орны ерекше. Өйткені қай ғасырда болса да осы ұлы даланы мекен еткен ұлы көк түріктің ұрпағы өнердің қай саласы болса да, нендей нәсіп болса да тез игеріп, жетілдіріп кейінгі ұрпаққа мұра етіп келеді. Сол мұраларды өзіміздің Ә. Қастеев атындағы мұражайдан бастап дүние жүзі мұражайларынан көруге болады. Осынау қайталанбас өнер жәдігерлерін жасаған шеберлер өз кәсібінің техникасы мен технологиясын жақсы игерген көзінің қарашығындай сақтаған. Және де осы заманнан, атадан балаға мұра болған өнер туындыларының технологиясын жетілдіріп, кейінге қалдырып отырған.

Бейнелеу өнері (ағылш. Visual arts)-дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері сәулет өнері, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Сондай-ақ, театр, кино, теледидардағы безендіруді, көркем дизайнды да бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру қаралған. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді.

Кескіндеме-бейнелеу өнерінің бір саласы, белгілі бір заттың бетіне (кенеп, ағаш, қағаз, тағы басқа) бояу арқылы салынатын көркем шығармалар атауы. Кескіндеме заттың сыр-сипатын, нәрсе мен кеңістіктің қарым-қатынасын, сәуле мен көлеңкенің құлпырымын үндестіре бейнелейтін көркемдік және танымдық қуатымен ерекшеленеді. Ол көрерменнің сезіміне, ойына әсер ету арқылы эстетикалық ләззат береді. Кескіндеме туындыларын жасауда акварель, гуашь, пастель, тушь та молынан қолданылады. Кескіндемелік шығармалар ұзыншалай жатығынан бейнелеу, көлем-кеңістігін келтіре бейнелеу болып шартты түрде екі топқа бөлінеді. Кескіндеме шығармалары негізге (кенепке, ағашқа, қағазға, мұқабаға, тасқа, шыныға, әйнекке, металға, тағы басқа заттарға) салынады. Әдетте олардың беттері жақпа қабатпен сыланып, оның үстіне сырлы қабат түсіріледі. Кескіндеменің баурау, еліктіру мүмкіншілігі жұмсалатын бояуға, оны

колдану тәсілдеріне, пайдаланған құралына (қыл қалам, мастихин), бояу еріткіштеріне, сурет салынатын заттың беті қаншалық бұдырлы немесе тегістігіне, оның бояуды қаншалық сіңіретіндігіне, тағы басқа байланысты. Қатты заттың бетіне салынған сурет пен жұмсақ заттың, жылтыр немесе бұдырлы заттың бетіне салынған суреттер өздеріне лайықты бояу рендерін тілейді. Суреттің салыну стиліне қарай, оны қоятын жақтаудың түрі мен формасы да сәйкестендіріледі.

Кескіндеме өнері көпшілік қауым ұнататын өнер түрі. Өйткені кескіндеменің тіліне ұшқыр қиял, мәңгі идеялар, бір сәттік мезет пен мінез-құлықтың нәзік құбылыстары мен дүниенің барлық құбылыстарын, сезімдерін, мінез-құлқын, күйзелістерін, нұсқаның нәзік қатынастырын бейнелеп көрсету тән. Егер сәулет-кеңістікті, мүсін-денені жасаса, ал кескіндеме дене мен кеңістікті, олар өмір сүретін, түстер мен ауаның, фигуралар мен оларды қоршаған заттардың ортасында біріктіреді. Бүкіл образдың байлығы мен жалтылдаған кез келген түстерін жарық арқылы бояу түсімен кескіндемеде жазып көрсетуді айтамыз. Кескіндеме-бір ғана көру нүктесі бар және кеңістік пен бейнелеушінің жұмыр көлемі тек иллюзиялы өмір сүретін жазық бетте орындалатын өнер түрі.

Мәдениеттің өзекті бөлігі-өнер. Өнер мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністеріндің бірі оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылу. Таңбалы тастағы кескіндер мен тағы адамдардың ырым-билерінен бастап, Рафаэль мен Микеланджеланың мәңгілік туындыларымен жалғасқан, халықтың шығармашылық рухынан туған талай сұлу денелерсіз, өнер әлемінсіз қандай мәдениеттің болсын рухын сезіне алмаймыз. Шынығында да, өнер мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі-оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы. Осыған дейінгі қарастырылған анықтамалардан бір қорытынды жасасақ, мәдениет-адам әлемі.

Сонымен, кескіндемені жақсы игеру – біріншіден өткен тәжірибедегі ең жақсы жетістіктерді жинақтау, зерттеу. Өйткені ол тәжірибені іс жүзінде пайдаланып, қандай нәтижеге жетуге болатындығы белгілі. Бірақ бұл «өз шығармашылық педагогикалық жаңалығынды тәжірибе жасаудан баста» деген сөз емес. ...

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

1. Сманов І. Мәңгілік құндылықтар. Астана. Фолиант, 2013. 4-5 бет
2. Қайдаров. М. У. Живопись технологиясы мен техникасы. Алматы. Өлке. 2008. 64 бет
3. Школа изобразительного искусство.-М.: Изобразительное искусство, 1986.
4. Қ. Сарбағысов, Ә. Төлебаев. Жас суретшіге көмек.-А., 2000.
5. Wang. J., Takahashi Y.K. Uchida Magneto-optical painting of heat current, Nature Communications 11 (1), 2.2020